

**«Қазіргі жаратылыстану концепциялары» пәні
және оның әлеуметтік маңызы. Ғылыми
дүниетанудың ерекшеліктері мен құрылысы.**

Дайындаған: Сүлеймен Ұ





Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

- a) Концепция тарихы Жаратылыстану пәнімен байланысы.
- б) Жаратылыстану салалары.
- с) Жаратылыстанудың ғылым мен мәдениет системасындағы орны. Ғылыми дүниетанудың ерекшеліктері мен құрылысы.

III.Қорытынды

Кіріспе

Жаратылыстану — адамзаттың рухани мәдениетінің айырғысыз құрамдас бөлігі. Оның қазіргі заманғы негізгі ғылыми қағидаларын, дүниеге көзқарастық және методологиялық пайымдауларын білу кез келген қызмет саласындағы мамандар үшін қажетті мәдени даярлықтың бір түрі болып табылады. Қазіргі кезде білімнің жеке салалары — жаратылыстану, әлеуметтік, гуманитарлық және техникалық ғылымдар бір-бірінен байланыссыз өз алдына табиғат, қоғам және адам жайлы біртұтас ғылыми білім бере алмайды, дүниенің біртұтас ғылыми бейнесін қалыптастыра алмайды. Дүниенің ең жалпы заңдылықтары туралы ғылым деп саналатын философия да жаратылыстану ғылымдарының көмегінсіз өзі ғана бұл міндетті орындай алмайды. Философиялық дүниеге көзқарастың өзі де табиғат туралы ғылымдар ашқан ғылыми жаңалықтарды біртұтас білімге біріктіруші дүниенің біртұтас жаратылыстану-ғылыми бейнесіне (көрінісіне) сүйенуі тиіс.

Негізгі бөлім

Объективті жаратылыстың философиялық түсінігі табиғат, қоғам және адамды қамтиды. Соған байланысты объективті жаратылыстың осы үш элементіне білімнің үш сферасы нақты қарастырылады.

Жаратылыс сферасына және зерттелетін ақиқат дүниенің түріне байланысты ғылыми білімнің үш бағытын анықтауға болады: жаратылыстану- табиғат туралы білім жүйесі, қоғамтану-қоғамдық өмірдің түрлері мен формалары туралы білім жиынтығы, сонымен қатар адамзатты ойлау қабілеті бар жанды зат ретінде қарастыратын ойлау білімдерінің жүйесі,

Табиғат туралы барлық білім жиынтығы жаратылыстану арқылы қалыптасады. Оның құрылымы табиғат логикасының нақты көрінісі іспетті. Жаратылыс ғылымдарының білім жүйесі орасан зор және әр алуан.

Қазіргі заманғы ғылымның дамуының маңызды бір заңдылығы — ғылыми білімдердің интеграциясы (бірігуі) мен дифференциациясы (жіктелуі) болып отыр. Табиғатты танып білу барған сайын адам мен қоғамды танып білумен ұштасып келеді. Сөйтіп, мұның бәрі білім беру саласында гуманитарлық жоғары оқу орындарына "Қазіргі жаратылыстану концепциялары" деген жаңа оқу пәнін енгізу қажеттігін тудырды.

Жаратылыстану салалары

Жаратылыстануға енетін ғылымдар былайша топтастырылады:

1) физика, химия;

2) биология, ботаника, зоология;

3) анатомия, физиология, генетика;



4) геология, минералогия, палеонтология, метеорология, география
(физикалық);

5) астрономия (астрофизика және астрохимия). Кейбір табиғат зерттеуші ғалымдар математиканы Жаратылыстану ғылымдарына жатқызбайды, бірақ осы ғылымдардың таным құралы ретінде қарастырады.


Жаратылыстану ғылымдарын зерттелу әдісіне қарай нағыз деректер мен байланыстарды зерттей отырып, ережелер мен заңдарды қорытып шығаратын сипаттаушы және дерекпен байланысты математикалық формалармен толықтырып отыратын дәл ғылымдар деп ажыратады. Табиғат туралы нақты ғылым зерттеулермен шектелсе, қолданбалы ғылым (медицина, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және техника ғылымдарын жалпы алғанда) ғылыми зерттеулерді және табиғатты өзгертуге пайдаланылады.

• ХИМИЯ

• биология




• География



Биология пәнімен байланысы


Бұл дисциплиналар тобына кіретін ғылым салалары тірі ағзалармен байланысты пайда болатын құбылыстарды зерттейді. Биологияның зерттеу аясына биофизиканың суб-компоненттерінен бастап экологияның күрделі жүйелеріне дейінгі бірліктер кіреді. Биология ағзалардың сипаттамаларын, классификациялануын және олардың іс-әрекеттерін, түрлердің пайда болуын және олардың бір-бірімен байланысын қарастырады.

Биологияның құрамына ерте дәуірде пайда болған ботаника, зоология және медицинамен қоса 17 ғасырда микроскоптың жасалуы нәтижесінде пайда болған микробиология енеді. Алайда 19 ғасырға дейін биология біртұтас ғылым болмады. Тек ғалымдар барлық тірі ағзалардың арасындағы ортақ қасиеттерді анықтағаннан кейін осы қасиеттерді бірітіре отырып зерттеу қолға алынды.



Химия

Химия табиғаттағы заттарды атомдық және молекулалық деңгейде зерттейтін ғылым болып табылады. Оның зерттеу аясына газдар, молекулалар, кристаллдар және металдар сияқты атомдар жиынтықтары кіреді. Ол заттың химиялық құрамын, статикалық қасиеттерін, басқа затқан айналуын және байланысты реакцияларды қарастырады. Сонымен қатар химия бөлек атомдар мен молекулалардың қасиеттері мен өзара байланыстары туралы жалпы түсінік береді



Ғылыми дүниетанудың ерекшеліктері мен құрылысы.

Адамзат өзінің даму тарихы барысында қоршаған әлемді танып-білудің және игерудің бірнеше тәсілдерін меңгерді. Сондай тәсілдердің біріне сөзсіз ғылымды жатқызуға болады. Ғылым-қоғамның рухани мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады. Адамзат дамуының белгілі бір кезеңінде ғылым дами келе, қоғамдық сананың дербес формасына айналады. Себебі қоғамдағы сан-салалы мәселелер ғылымның көп жағдайда ғылымның араласуымен шешіледі. Адам өміріндегі ғылымның орны мен рөлін түсіну осы уақытқа дейін аяқталмаған күрделі процесс. Бұл процесс қиыншылықтар мен қайшылықтардың, талас-тартыстың, күмәнді сұрақтардың, көптеген жаңа мәселелердің пайда болуымен ерекшеленеді. ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында ғана ғылымның мәні мен ерекшеліктерін, оның даму және қолдану механизмдерін қарастыратын, сонымен қатар, ғылымның білім жүйесі әрі ерекше әлеуметтік институт ретінде даму заңдылықтарын зерттеуге бағытталған «ғылымтану» атты жаңа пән пайда болды



Ғылыми-білімнің құрылымымен ғылым атқаратын функциялар тығыз байланысты. Олар бірнешеу:

- 1) түсіндіру-табиғат объектілері мен табиғат құбылыстарының мәнін ашып, түсіндіру;
- 2) жүйелеу-жиналған фактілік материалдарды сұрыптап, бір жүйеге енгізу;
- 3) суреттеу-қоршаған жағдайдың байланыстары мен қасиеттерін көрсету;
- 4) болжам жасау – дәл қазіргі кезде жүріп жатқан процестердің даму дәрежесін есепке ала отырып, болашаққа болжам жасау;
- 5) қортынды жасау – табиғаттағы болып өткен, қазіргі кезде жүріп жатқан және болашақта күтілетін процестерді есепке ала отырып, ғылыми негізде қорытынды жасау;
- 6) жаңалық ашу-табиғаттың жаңа заңдарын ашу, жаңа ғылыми гипотезалар шығару;
- 7) өндірістік-тәжірибелік бағыт беру-алған білімді өндірісте, әлеуметтік басқаруда және тағы басқа салаларда қолдану мүмкіндігі;
- 8) дүниетанымдық – алған білімді әлемнің объективті картинасымен байланыстыру.

Жоғары Ғылымды

"Қазіргі жаратылыстану концепциялары" оқу пәнінің жалпы мазмұны туралы кәсіптік жоғары білім берудің Мемлекеттік білім стандартында (өлшемінде-авт.) былай делінген: жаратылыстану және гуманитарлық мәдениеттер, олардың өзара бірлігі, ғылыми әдісі, ғылыми танымның ерекшелігі мен құрылымы, ғылымның даму логикасы мен заңдылықтары. "Қазіргі жаратылыстану концепциялары" пәнін оқытудың қажеттілігінің тағы бір кезек күттірмейтін себебі бар. Ол — соңғы кезде біздің елімізде түрліше ғылымға жат қалған білімдердің барған сайын кең етек алуы. Олардың қатарына астрологияны, магияны (сиқырлықты), эзотерикалық, мистикалық және басқа жалған мазмұнды ілімдерді жатқызуға болады. Соңғы 10-12 жылдың ішінде ол жалған ілімдер біртіндеп, бірақ айтарлықтай табанды түрде адамдардың санасынан жаратылыстану-ғылыми түсініктерді ығыстырып, олардың орнын жалған қағидалармен, діни уағыздармен толтыруда.